

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2002 жылдың 08 ақпанындағы
№ 1 хаттама)

Б е к і т і л д і

2002 жылдың 11 ақпанынан бастап

Қолданысқа енгізілді

Вексельдердің биржалық саудасының ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2002

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.
2. **№ 1 өзгерту:**
 - 2004 жылдың 01 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен келісілді;
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі № 29 (3) хаттама);
 - 2004 жылдың 10 қыркүйегінде қолданысқа енгізілді.
3. **№ 2 өзгерту:**
 - 2007 жылдың 11 науырызында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен келісілді;
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2007 жылдың 15 науырызындағы № 14 хаттама);
 - 2007 жылдың 16 науырызында қолданысқа енгізілді.
4. **№ 3 өзгертулер:**
 - 2008 жылдың 13 науырызында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен келісілді;
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2008 жылдың 27 науырызындағы № 13 хаттама);
 - 2008 жылдың 28 науырызында қолданысқа енгізілді.
5. **№ 4 өзгертулер:**
 - 2010 жылдың 12 қаңтарында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен келісілді;
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2009 жылдың 23 қарашасындағы № 30 (з) хаттама);
 - 2010 жылдың 13 қаңтарында қолданысқа енгізілді.

Осы "Вексельдермен сауда жасау ережелері" (бұдан әрі "Ереже" деп аталатын) биржаның ішкі құжаты болып табылады және "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ндағы сауда-сатыққа вексельдердің жіберілу тәртібін, вексельдермен мәмілелерді жасау және есептесу тәртібін анықтайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Биржа сауда-саттығындағы вексельдердің айналысы және вексельдері биржадағы айналысқа жіберілген төлеушілердің тізімін қалыптастыру вексельдермен операцияларды жасау туралы шешімдерді қабылдау кезінде кеңес ретінде қабылданбауы тиіс. Вексельдік нарық субъектілерінің, вексельдері биржадағы айналысқа жіберілген төлеушілердің тізімін өзгерту бойынша Биржаның әрекеттеріне негізделген, шешімдерді қабылдауына Биржа жауап бермейді.

Осы Ережелерде және/немесе олардың Қосымшаларында қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

"Биржа" – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;

"Биржаның ішкі құжаттары (Ішкі құжаттар)" – Биржаның ішкі құжаттары, осы Ережелер, Биржа органдарының құзырлығы бойынша қабылданған шешімдері және Биржаның ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттар;

"Биржаның корреспонденттік шоты" – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Монетарлық операцияларды есептеу басқармасындағы (КШТҚКБ) № 900161427 Биржаның корреспонденттік шоты, БСК 190201125, СТН 600200049149, Кбе 15 *(осы абзац Биржалық кеңестің 2007 жылдың 15 науырызындағы шешімімен өзгертілген)*;

"Маклер" – Биржадағы сауда-саттықтың ұйымдастырылуына және өткізілуіне жауап беретін Биржа қызметкері;

"Төлеуші" – вексель бойынша төлеуші тұлға;

"Есеп айырысу палатасы" – Биржа атынан вексельдермен биржалық сауда қорытындылары бойынша есептесуге байланысты барлық әрекеттерді орындауға міндетті Биржаның құрылымдық бөлімшесі;

"Төлеушілер тізімі" – вексельдерді сұраптауға арналған критерий ретіндегі, Сауда жүйесіндегі вексельдер бойынша төлеушілер тізімі, бұл тізімге ену төлеуші төлемін төлеуге міндетті вексельдердің биржадағы айналысқа жіберілгендігін білдіреді;

"Биржаның сауда жүйесі (Сауда жүйесі)" – өзара байланысқан бөлмелер, жабдықтар, құрал-жабдықтар, бағдарламалық-техникалық құралдар, Ішкі құжаттар және Биржа мүшелерінің арасында мәмілелердің жасалуына мүмкіндік беретін өзге де қажетті активтер мен процедуралар;

(осы абзац Биржалық кеңестің 2009 жылдың 23 қарашасындағы шешімімен алынып тасталды);

"Сауда-саттық қатысушысы" – вексельдер сауда-саттығына жіберілген Биржа мүшесі;

I бөлім. ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙ

1 бап. Вексельдердің биржа сауда-саттығына жіберілуі

Биржадағы саудаға төлеушілер тізіміне төлеушілері енгізілген вексельдер жіберіледі. Сауда-саттық департаментінің және сауда-саттық қатысушылары өтініштерінің негізінде Биржа Басқармасы төлеушілер тізімін қалыптастырады. Сауда-саттық департаментінің кеңесіне және биржадағы сауда белсенділігіне қарай, биржа Басқармасының шешімі бойынша төлеуші тізімнен шығарылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2008 жылдың 27 науырызындағы шешімімен өзгертілген)*.

2 бап. Сауда-саттықты ұйымдастыру

1. Биржаның Сауда жүйесінде вексельдер сауда-саттығын ұйымдастыру үшін "Вексельдер нарығы" ашылады.
2. Сауда жүйесіндегі вексельдер сауда-саттығы тікелей мәмілелерді жасау әдісімен жүзеге асырылады.

3 бап. Вексельдер сауда-саттығына қатысушылар

1. Вексельдермен сауда-саттыққа валюталық және/немесе қор нарығының мүшелері жіберіледі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2009 жылдың 23 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Трейдерлерді сауда-саттыққа қатысуға жіберу шарттары Биржаның ішкі құжаттарында анықталған.

4 бап. Биржалық вексельдер сауда-саттығының регламенті

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).

1. Сауда-саттық регламентін (сауда-саттықтың өтетін орны мен уақыты және оларды өткізудің өзге де негізгі параметрлері) Биржа Басқармасы анықтайды.
2. Биржа Басқармасы анықтаған, сауда-саттықты өткізу орны мен уақытының өзгеруі туралы Биржа сауда-саттық қатысушыларына сауда-саттықтың басталуына кемінде 18 сағат бұрын хабарлауы тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген норма, сауда-саттықты кәдуілгі режимінде өткізу мүмкін болмағанда, сауда-саттық регламентін Биржа президенті немесе сауда-саттықтың өткізілуіне жетекшілік ететін Биржа Вице-президенті шұғыл өзгерткен жағдайда қолданылмайды.

II бөлім. БАҒА БЕЛГІЛЕУЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

5 бап. Вексельдердің баға белгілеулерін жүзеге асыру тәртібі

1. Сауда-саттық қатысушылары Биржада айналысқа жіберілген вексельдер бойынша индикативтік баға белгілеулерін ұсынуы мүмкін.
2. Индикативтік баға белгілеулері векселдің өтеуге табыстылығының жылдық пайызбен белгіленеді және өсуіне қарай сұрапталады.

6 бап. Вексельдер сауда-саттығын жүзеге асыру тәртібі

Жалпы деректемелерден: теңгедегі немесе номиналға пайыздағы вексель бағасынан, вексельдер санынан, мәміле сомасынан (вексель бағасы мен санының көбейтіндісі), өтімді мақсатынан (сату немесе сатып алу), контрагент атауынан басқа, мәмілені жасауға берілген өтімде мынадай міндетті деректемелер болуы тиіс:

- 1) вексель бойынша төлем мерзімі;
- 2) вексель бойынша төлем орны;
- 3) авалист;
- 4) вексельдің атаулы бағасы мен валютасы;
- 5) пайыздық мөлшерлеме (егер вексельге пайыздар қосылып есептелсе).
- 6) қосымша шарттар және вексель туралы мәліметтер көрсетілуі мүмкін бос жолдар.

7 бап. Мәмілелерді рәсімдеу

Сауда сессиясы аяқталғаннан кейін Биржа маклері биржалық сауда-саттық барысында вексельді сатып алу-сату мәмілелерін жасау фактілерін растайтын биржалық куәліктерді Сауда-саттық қатысушыларына береді.

Биржа маклері (Биржа маклерінің орынбасары) қол қойған және Биржа мөрімен расталған, Биржалық куәлік Биржаның және вексельдер сауда-саттығының қатысушысының өзара міндеттемелерін анықтайтын құжат болып табылады.

III бөлім. ЕСЕПТЕСУ ТӘРТІБІ

8 бап. Мәміле нәтижелері бойынша есептесулер

1. Биржада жасалған мәмілелер нәтижелері бойынша вексельді сатып алушы атына қайта рәсімдеу процедурасына Биржа қатыспайды және тек қана ақшаның вексельді сатып алушыдан сатушыға аударылуын қадағалайды. Вексельді сатып алушы атына қайта рәсімдеуді сатушы мен сатып алушы дербес түрде жүзеге асырады.
2. Мәмілені жасау күні Сауда жүйесінде мәміленің жасалғандығы туралы электронды жазба қалыптасады.
3. Мәміле жасалған күннен кейінгі күні (T+1 күні) Алматы уақытымен 16.00-ге дейін вексель сатып алушысы мәміле шарттарында белгіленген соманы Биржаның корреспонденттік шотына аударуы тиіс. Сатып алушы қажетті соманы аударғаннан кейін Есеп айырысу палатасы Сауда жүйесіндегі тиісті әрекеттермен мәміленің төленгендігін растайды.
4. Төлемнің жасалғандығына көзі жеткен сатушы сатып алушы атына вексельді қайта рәсімдеуді жүзеге асырады. Бұдан кейін сатып алушы мәміле жасалған күннен кейінгі екінші күні (T+2 күні) Алматы уақытымен 16.00-ге дейін Сауда жүйесінде мәміленің орындалғандығын растайды.
5. Сатып алушыдан растау алғаннан кейін Есеп айырысу палатасы T+2 күні Алматы уақытымен 18.00-ге дейін вексель сатушының шотына ақшаны аударды.

9 бап. Биржаның комиссиялық және басқа алымдары

Биржа өзінің сауда-саттығында вексельдермен жасалған биржалық мәмілелерден мәміленің әрбір жағынан айлық есептік көрсеткіштің 50% мөлшеріндегі комиссиялық алымды ұстап қалады.

IV бөлім. САУДА-САТТЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10 бап. Есептесу мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Сатып алынған вексельдердің төлемі белгіленген мерзімде жүзеге асырылмаған немесе толық жүзеге асырылмаған жағдайда, жәбірленуші тарап тиісті өтініш беру арқылы мәмілені бұзуы мүмкін. Жәбірленуші тарап өтініш бергенге дейін, кінәлі тарап төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауап береді және төлем төлеуде әрбір кешіктірілген күні үшін мәміле сомасынан 0,1% мөлшерде тұрақсыздық төлемін төлеуге міндетті.
2. T+2 күні Алматы уақытымен 16.00-ге дейін Есеп айырысу палатасына вексельді қайта рәсімдеу туралы сатып алушыдан тиісті растау келіп түспесе, мәміле бұзылды деп танылады, ақша сатып алушыға T+2 күні Алматы уақытымен 18.00-ге дейінгі мерзімде қайтарылады. Бұл ретте кінәлі тарап жәбірленуші тараптың пайдасына мәміле сомасынан 0,2% мөлшерде тұрақсыздық төлемін төлейді.

3. Сатып алушы атына вексельді қайта рәсімдеу жүзеге асырылып, ал сатып алушы белгіленген мерзімде мәміленің орындалуын растамаған жағдайда, сатушы T+2 күні Алматы уақытымен 17.30-ге дейінгі мерзімде ақшаны оқшаулау туралы өтінішпен Есеп айырылысу палатасына жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда, Арбитражды комиссия дау-дамайды шешкенге дейін, ақша биржаның корреспонденттік шотында сақталады, кінәлі тарап мәміле жасалған күннен бастап мәміле бойынша есептесу жүргізу немесе оны бұзу күніне дейін әрбір күн үшін 0,1% мөлшерде жәбірленуші тараптың пайдасына тұрақсыздық төлемін төлейді.
4. Осы Ережелерді бұзғаны үшін Сауда-саттық қатысушысы Биржа Басқармасының шешімімен барлық қаржы құралдарымен жасалатын биржалық сауда-саттықтарға қатысудан уақытша шеттетілуі мүмкін, ал үш және одан да көп бұзушылық жасаған жағдайда, Биржалық Кеңес шешімі бойынша Биржа мүшелігінен шығарылуы мүмкін.

11 бап. Дауларды және келіспеушіліктерді шешу

1. Биржалық мәмілелерді жасау және орындау бойынша сауда-саттық қатысушылары арасындағы, сондай-ақ Биржа мен сауда-саттық қатысушылары арасындағы даулар және келіспеушіліктер келіссөз жүргізу арқылы шешіледі, өзара тиімді шешім қабылданбаған жағдайда, оларды Биржаның қор нарығы жөніндегі Арбитражды комиссиясы шешеді.
2. Ішкі құжаттарда реттелмеген немесе ішкі құжаттардағы қарама-қайшылықтар нәтижесінде туындаған мәселелер бойынша шешімдерді Биржа Басқармасы қабылайды, сауда-саттық қатысушысы қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, мәселені Биржалық кеңес қарастырады.

Президент

Д.Б. Карасаев